

**А. Б. Узакова, Б. Т. Базарбай\***

PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

\* магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

\*Корреспондент авторы: [baljan0402k@gmail.com](mailto:baljan0402k@gmail.com)

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – САПАЛЫ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ**

### **Түйін**

Бұл мақала Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы болашақ педагог кадрларды кәсіби даярлаудың қазіргі жүйесін жан-жақты қарастырады. Бүгінгі таңда еліміз ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, білім берудің бірегей жүйесін қалыптастыруда. Бұл білім сапасын қамтамасыз ету үшін озық, заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін пайдалануды талап етеді. Қазіргі кездегі жаһандық стандарттарға сай білім сапасын арттыруға және оқыту процесіне инновациялық технологияларды енгізуге қуатты серпін береді. ХХІ ғасырдағы өскелең ұрпаққа тиімді тәрбие берудің басым бағыттарын айқындау – педагогика ғылымы мен білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Болашақ мұғалімдерді даярлау барысында олардың кәсіби дағдылары қоғамның үнемі өзгеріп отыратын талаптарына сәйкес келуі аса маңызды. Еліміздің нарық экономикасына өтуіне байланысты бәсекеге қабілетті маман даярлаудың негізгі критерийлері заман талабына сай кеңейіп келеді. Ол болашақ педагогтың тек білім, білік, іскерлік дағдыларымен шектелмей, сонымен қатар заманауи талаптарға сай жеке қасиеттерге ие болуын міндеттейді. Осы тұрғыда, ұсынылған мақалада болашақ педагогтардың, яғни студенттендің кәсіби даярлық жүйесіндегі сапалық дағдыларын дамытудың өзектілігі, негізгі ұстанымдары, тиімділігі ғылыми талдаулар негізінде тұжырымдалған. Сократите, положено 100-150 слов.

**Кілттік сөздер:** сапалы білім беру, кәсіби құзыреттілік, білім, оқыту технологиялары, жоғары оқу орны.

### **Кіріспе**

Жаһандану үдерістерінің жеделдеуі жағдайында әлеуметтік-экономикалық салалармен қатар, кәсіби білім беру жүйесіне де айрықша талаптар қойылуда. Егер бұрынғы болашақ педагогтарды даярлау жүйесі тікелей тек білім деңгейіне байланысты болатын болса, қазіргі кезде құзыреттілік ұғымымен байланыстырылып, бәсекеге қабілетінің терминімен ұштастырылуда. Тәуелсіздік алғаннан бері еліміздің білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың сапалы әлеуетін арттыру маңызды міндеттердің бірі ретінде жоспарланған. Осыған орай, білім беру саласында бірқатар ірі өзгерістер мен жаңарулар жүзеге асырылу үстінде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында жоғары оқу орындарында сапалы, құзыретті және кәсіби әлеуеті жоғары мамандарды даярлау басты мақсат етіп белгіленген [1]. Бұл жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне инновациялық өзгерістер енгізуге бағытталған қадамдарының көрінісі.

Жоғары білім берудегі педагогикалық қызмет – еңбек нарығында өз орнын таба білуі және қоғамдық, мәдени, саяси және өмірдің басқа салаларына белсенді араласуы тиіс білікті маманды даярлауға бағытталған қызмет. Педагогикалық ықпал ету нысаны – әртүрлі бейімділігі, қызығушылықтары, интеллектісі, сезімдері бар студенттер. Педагогикалық қызметті бірнеше функцияға бөлуге болады. Негізгісі — оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған білім беру функциясы. Ол теориялық негізді, жаңа заңдылықтарды ашуды біріктіреді. Екінші бағыт – нақты педагогикалық міндеттерді орындауға бағытталған практикалық қызмет. Бұл кезеңде оқытушы оқу мақсаттарын айқындап, білім мазмұнын таңдайды және студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттыруға көмектесетін заманауи әдістер мен оқыту формаларын, сондай-ақ бақылау түрлерін белгілейді. Мұндай қызметке дәрістер оқу, зертханалық жұмыстар жүргізу, практикалық тапсырмалар орындау, семинарлар

өткізу, консультациялар беру, сынақтар мен емтихандар алу, шолу сабақтарын ұйымдастыру және курстық жұмыстарды басқару кіреді.

Кесте 1. Әдебиеттерде әртүрлі ғалымдар ұсынған құзыреттіліктің бірнеше анықтамалары мен концепцияларының қысқаша мазмұнын береді [2].

<b>Авторлар</b>	<b>Анықтамасы</b>
<i>McClelland</i>	Құзыреттіліктер өмір нәтижелерінің негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Оларды адам өміріндегі табысқа қатысты сипаттамалар ретінде кеңінен түсіндіруге болады.
<i>Boyatzis</i>	Құзыреттіліктер жеке тұлғалардың жұмыс өнімділігімен себеп-салдарлық байланыста болатын негізгі сипаттамалар.
<i>Spencer</i>	Құзыреттіліктер « қасиеттер, өзін-өзі түсіну, көзқарастар немесе құндылықтар, мазмұнды білім немесе когнитивті немесе мінез-құлықтық дағдылар».
<i>Page &amp; Wilson</i>	Құзыреттіліктерді «табысты» немесе «үздік» менеджерге қажетті дағдылар, қабілеттер және жеке сипаттамалар ретінде анықтауға болады.
<i>Parry</i>	Құзыреттілік – оқыту мен дамыту арқылы нығайтылуы мүмкін өзара байланысты білімдер, дағдылар мен көзқарастар жиынтығы.
<i>Chung &amp; Lo</i>	Құзыреттіліктер – бұл жеке тұлғаларға тағайындалған міндеттерді орындау немесе мақсаттарға жету кезінде ие болуы тиіс дағдылар, білім және қабілеттер.
<i>Draganidis &amp; Mentzas</i>	Құзыреттіліктер – бұл жеке тұлғаларға берілген міндеттерді немесе тағайындалған рөлдерді тиімді орындауға мүмкіндік беретін тікелей және жанама дағдылар мен мінез-құлықтар.

Дәстүрлі түрде құзыреттілік көбінесе "білім, білік, іскерлік" (ББИ) ұштағанымен шектелді. Алайда, Mulder мен Winterton сияқты жетекші ғалымдар бұл көзқарастың қазіргі заман талаптарын толық қамтымайтынын көрсетеді.

### **Талдай (Mulder & Winterton)**

Олардың зерттеулері құзыреттілікті (T-shaped professional) моделі арқылы түсіндіреді. Бұл модель бойынша, құзыреттілік терең техникалық біліммен қатар, *эмбебан дағдыларды* (soft skills), мәдениетаралық қарым-қатынас және мәселелерді шешу қабілеттерін қамтиды. Ғалымдар құзыреттіліктің тек когнитивті (білім) жағын ғана емес, сонымен бірге мотивациялық, этикалық және жеке қасиеттерді біріктіретін сипатына баса назар аударады [3]. Ғылыми әдебиеттерде «педагогикалық құзыреттілік» ұғымына берілген бірқатар ғылыми анықтамалар бар. Деркач пен Кузьмина (1993) педагогикалық құзыреттілікті мұғалімнің кәсіби дағдыларының жиынтығы ретінде қарастырады. Онда педагог педагогикалық ықпал субъектісі ретінде ғылыми және практикалық білімдерді педагогикалық міндеттерді оңтайлы шешуге бағытталған арнайы құрылымдалған түрде ұйымдастырады. Жалпы алғанда, ғалымдар педагогикалық құзыреттілікті педагогтар өз кәсіби-педагогикалық қызметінде қолданатын білімдер мен дағдылар жүйесі ретінде айқындайды. Триллинг пен Фейдель әзірлеген құрылым «21-ғасыр дағдылары: қазіргі заманға арналған өмірлік білім» атты кітапта сипатталған және онда заманауи әлемде табысқа жету үшін аса маңызды құзыреттер – креативтілік, сыни ойлау, коммуникация және командалық жұмыс – ерекше мәнге ие екендігі атап көрсетіледі. 2023 жылғы «Еңбек нарығының болашағы» есебі бұл құрылымды кеңейтіп, осы дағдылардың жұмыс күшінде қалай өзгеріп жатқандығы туралы пайдалы

ақпарат ұсынады. Креативтілік пен бейімделгіштік мәдениетін дамыту, пәнаралық ынтымақтастықты қолдау және жеке білім беру бағдарламалары арқылы дағдыларды дамытуға басымдық беру – осы идеяларды ұйымдық практикаға енгізу үшін қажетті шаралар [4].

«Химия» пәнін оқыту қоғамның әлеуметтік сұранысына жауап бере отырып, өмірдің мәнін басты құндылық ретінде қабылдайтын, алған теориялық білімін практикалық жағдайларда тиімді қолдануға қабілетті, химиялық тұрғыдан сауатты тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасайды [5]. Химияны оқыту саласындағы құзыреттілік — болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби дайындығын сипаттайтын негізгі өлшемдердің бірі. Бұл өлшем тек мұғалімнің кәсіби шеберлігімен шектелмей, оның жалпы кәсіби дайындығының деңгейін де айқындайды. Қазақстандық ғалым С.З. Байхонова мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін «ғылыми-теориялық, әдіснамалық, педагогикалық және психологиялық дайындықтың үйлесімді үйлесімі» деп анықтайды. Сонымен қатар, ол кәсіби және шығармашылық қызмет үшін қажетті дағдылар мен қабілеттерді дамыту процесін, сондай-ақ кәсіби маңызды жеке қасиеттерді дамытуды қамтиды [6].

### **Зерттеу шарттары мен әдістері**

Қазіргі білім беру үдерісінде қолданылатын түрлі технологиялар тұлғаның жан-жақты дамуына және оқытудың нәтижелілігін арттыратын негізді қалыптастыруға бағытталады. Осыған байланысты білім мазмұнын жаңарту мен үздіксіз білім беру жүйесін жетілдіру – заман талабы болып отыр. Бұл үдерісте теориялық білімді меңгерумен қатар, студенттердің өздігінен тапсырмалар орындауы, білім мен дағдыларды практикалық жағдайларда қолдануы, сондай-ақ цифрлық технологиялармен жұмыс істеуді үйренуі негізгі рөл атқарады. Цифрлық технологиялар білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттырумен қатар, химияны оқытудың тиімділігін едәуір жоғарылатып, интерактивті және дараланған оқыту формаларын құруға мүмкіндік береді. Дегенмен, мұғалім тек цифрлық ресурстарды пайдаланумен шектелмей, оларды білім алушы топтардың ерекшеліктеріне және оқу материалының мазмұнына сай ұтымды қолдана білуі тиіс [7]. Қазіргі уақытта тұлғаның маңызды жеке қасиеттерінің қатарына кез келген мәселені шеше білуі, жаңа идеялар мен өзгерістерге жылдам бейімделуі жатады. Мұндай қабілеттерді қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлау тиімді құралдардың бірі саналады. Әдетте, сыни тұрғыдан ойлау – ақпараттың дұрыстығын, дәлдігін және маңызын талдау, түрлі себептер мен баламалы көзқарастарды іздеу, жағдайды кешенді түрде қарастыру және фактілер мен дәлелдер негізінде өз көзқарасын қайта қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі [8]. Қазіргі уақытта білім беру саласындағы басты міндеттердің бірі – ақпараттық-техникалық құралдарды меңгеру. Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы біз жалпы білімдік және мәдени құзыреттерді қалыптастыра аламыз. Цифрлық құралдарды қолдану мұғалімдерге өз педагогикалық идеяларын жүзеге асыруға, оларды әріптестерімен бөлісуге және жедел кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жеке оқыту тәсілін күшейте отырып, оқу үдерісінің тиімділігі мен қарқынын арттыра түседі. Компьютерлік технологиялар студенттер мен оқушыларға да, мұғалімдерге де білімін толықтыруға, теориялық дайындықтарын тексеруге және бақылауға жағдай жасайды [9]. Жобалық оқыту бүгінде өзекті болып, жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби даярлығындағы маңызды құрамдас бөлікке айналды. Бұл тәсіл студенттің зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, мәселені талдау, ақпаратты жинау мен өңдеу, тәжірибе жүргізу және алынған нәтижелерді практикада қолдану секілді қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, шығармашылық ойлау мен логикалық талдау дағдыларын жетілдіреді. Жоба орындау процесі оқу барысында меңгерілген білімді біріктіріп, оны өмірге жақын нақты жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік береді [10].

### **Қорытынды**

Жалпы білім сапасын жақсарту- бұл тек қана оқытушы тарапынан атқарылатын жұмыс емес, сонымен қатар студенттердің де бірлесіп отырып жұмыс істеу нәтижесі. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту барысында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, түрлі оқыту технологиялары мен әдістері қолданылады. Химия сабағында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үздіксіз, жүйелі және тәжірибеге бағытталған оқытуды қажет етеді. Болашақ

мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейі олардың химия ғылымын қаншалықты меңгергеніне ғана емес, оны оқушының танымдық әрекетімен байланыстыра алуына, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістерін қолдануына, заманауи технологияларды сабаққа кіріктіре алуына тікелей тәуелді. Кәсіби құзыреттілік- білім, педагогикалық шеберлік, әдістемелік дайындық, инновациялық технологияларды қолдану қабілеті және тұлғалық қасиеттердің үйлесімді бірлігі. Химия сабақтары осы құзыреттерді қалыптастыруға қолайлы орта туғызады, себебі пәннің табиғаты тәжірибе жүргізуге, зерттеуге, талдауға, модельдеуге және күрделі құбылыстарды түсіндіруге бағытталған. Химия пәнін оқыту мен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру — бір-бірімен өзара байланысты, бірін-бірі толықтыратын үдерістер. Болашақ химия мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі неғұрлым жоғары болса, білім беру үдерісінің сапасы да соғұрлым арта түседі. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде химия мұғалімдерін даярлауда инновациялық әдістерді, цифрлық технологияларды және зерттеушілік тәсілдерді кеңінен қолдану — уақыт талабы әрі білім сапасын арттырудың тиімді жолы.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы: Юрист, 2020.–90 б.
2. Вонг Ш. Ч. Competency Definitions, Development and Assessment: A Brief Review // *International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development*. 2020. Vol. 9, No. 3. P. 95–114.
3. Franco, L. F. M., da Costa, A. C., de Almeida Neto, A. F., Moraes, Â. M., Tambourgi, E. B., Miranda, E. A., ... Suppino, R. S. A competency-based chemical engineering curriculum at the University of Campinas in Brazil // *Education for Chemical Engineers*. 2023. Т. 44. Б. 21–34. <https://doi.org/10.1016/j.ece.2023.04.001>
4. Kapasheva Zh., Mirza N., Shastsitka I., Gelmanova Z., Makouchyk A., Umbetova A. Modeling the development of pedagogical competence in higher education educators amid the digitization of the contemporary world // *Frontiers in Education*. 2024. Vol. 9. Article 1360712. DOI:10.3389/feduc.2024.1360712.—URL: <https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/feduc.2024.1360712/full>
5. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Ғылыми кеңесінде Хаттама. Білім беру бағдарламасы 6В01510 – Химия: 2020 жылдың 24 ақпанда, №8 бекітілген. Алматы, 2020
6. Сардарова, Ж. И., Жангозиева, М. С. Современное состояние развития профессиональных компетенций педагогов в условиях новой парадигмы образования; Теория и практика преподавания; 2019,
7. Karmanova A., Madybekova G., Bektenov N., Kavak N. Some issues of development of professional competency of perspective chemistry teachers // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. 2023. №4(80). Б. 238–250. DOI: 10.51889/2959-5762.2023.80.4.023.
8. Мұхамбетәлиева З., Муканова Р. Химия сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдану //Scientific Collection «InterConf». – 2023. – №. 140. – С. 258-264.
9. Әнуарбек Ә.Ж., Тауакелов Ч.А. Химия пәнін оқытудың заманауи әдістемелері. – 2020. – 220-226 б.
10. Аманбаева М.Б. Педагогикалық жоғары оқу орнында биолог студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың әдістемелік негіздері: монография. – Алматы: ИП Балауса, 2019. – 215 б.

### References

1. The Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”. – Almaty: Jurist, 2020. 90 p.
2. Competence definitions, development and assessment: A brief review // *International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development*. 2020. Vol. 9, No. 3. P. 95–114.
3. Franco L. F. M., da Costa A. C., de Almeida Neto A. F., Moraes Â. M., Tambourgi E. B., Miranda E. A., Suppino R. S. A competency-based chemical engineering curriculum at the University of

- Campinas in Brazil // *Education for Chemical Engineers*. 2023. Vol. 44. P. 21–34. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ece.2023.04.001>
4. Kapasheva Zh., Mirza N., Shastsitka I., Gelmanova Z., Makouchyk A., Umbetova A. Modeling the development of pedagogical competence in higher education educators amid the digitization of the contemporary world // *Frontiers in Education*. 2024. Vol. 9. Art. 1360712. DOI: <https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/educ.2024.1360712/full>
  5. Minutes of the Academic Council of Abai KazNPU. Educational program 6B01510 – Chemistry. Almaty, Approved February 24, 2020, No. 8.
  6. Sardarova Zh. I., Zhangozieva M. S. Modern development of teachers' professional competence in the conditions of the new educational paradigm // *Theory and Practice of Education*. 2019.89
  7. Karmanova A., Madybekova G., Bektenov N., Kavak N. Some issues of development of professional competence of prospective chemistry teachers // *Bulletin of Abai KazNPU. Pedagogical Sciences Series*. 2023. No. 4(80). P. 238–250. DOI: 10.51889/2959-5762.2023.80.4.023.
  8. Mukhambetalieva Z., Mukanova R. The use of technology for the development of critical thinking in chemistry lessons // *Scientific Collection "InterConf"*. – 2023. – No. 140. – P. 258–264.
  9. Anuarbek A. Zh., Tauakelov Ch. A. Modern methods of teaching chemistry. 2020. P. 220–226.
  10. Amanbayeva M. B. Methodological foundations of the formation of research activities of biology students in a pedagogical university: monograph. – Almaty: IP Balausa, 2019. 215 p.

**А. Б. Узакова, Б. Т. Базарбай\***

PhD, старший преподаватель, [a7\\_uzakova@mail.ru](mailto:a7_uzakova@mail.ru), Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

\*магистрант, [baljan0402k@gmail.com](mailto:baljan0402k@gmail.com), Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## **ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ-ОСНОВА КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

### **Аннотация**

В данной статье подробно рассматривается современная система профессиональной подготовки будущих педагогических кадров в вузах Казахстана. Сегодня наша страна формирует уникальную систему образования, опираясь на национальные ценности. Это требует использования передовых, современных технологий и методов обучения для обеспечения качества образования. Дает мощный импульс повышению качества образования и внедрению инновационных технологий в учебный процесс в соответствии с современными глобальными стандартами. Определение приоритетных направлений эффективного воспитания подрастающего поколения в XXI веке – одна из самых актуальных проблем педагогической науки и системы образования. При подготовке будущих учителей важно, чтобы их профессиональные навыки соответствовали постоянно меняющимся требованиям общества. В связи с переходом страны на рыночную экономику, основные критерии подготовки конкурентоспособных специалистов расширяются в соответствии с современными требованиями. Она обязывает будущего педагога не ограничиваться только знаниями, умениями, деловыми навыками, но и обладать личностными качествами, отвечающими современным требованиям. В этом контексте в представленной статье сформулированы актуальность, основные позиции, эффективность развития качественных навыков будущих педагогов, т. е. в системе профессиональной подготовки студента, на основе научного анализа.

**Ключевые слова:** качественное образование, профессиональная компетентность, образование, технологии обучения, высшее учебное заведение.

**A. B. Uzakova, B. T. Bazarbai\***

PhD, Senior lecturer, [a7\\_uzakova@mail.ru](mailto:a7_uzakova@mail.ru), Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

\*Master's student, [baljan0402k@gmail.com](mailto:baljan0402k@gmail.com), Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

## **THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF UNIVERSITY STUDENTS IS THE FOUNDATION OF QUALITY EDUCATION**

### **Abstract**

This article examines in detail the modern system of professional training of future teachers in universities in Kazakhstan. Today, our country is forming a unique education system based on national values. This requires the use of advanced, modern technologies and teaching methods to ensure the quality of education. It gives a powerful impetus to improving the quality of education and introducing innovative technologies into the educational process in accordance with modern global standards. Determining the priorities of effective education of the younger generation in the 21st century is one of the most pressing problems of pedagogical science and the education system. When preparing future teachers, it is important that their professional skills meet the ever-changing demands of society. Due to the country's transition to a market economy, the main criteria for training competitive specialists are expanding in accordance with modern requirements. It obliges the future teacher not only to limit himself to knowledge, skills, and business skills, but also to possess personal qualities that meet modern requirements. In this context, the presented article formulates the relevance, main positions, and effectiveness of developing high-quality skills of future teachers, i.e. in the student's professional training system, based on scientific analysis.

**Keywords:** quality education, professional competence, education, learning technologies, higher education institution.